

Ленин жүзі

К(б)П Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің, еңбекшілер депутаттарының, облыстық Советінің және КК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті.

№ 45 (7005)

Сейсенбі 6 Март 1945 жыл

Шығуына 27-ші жыл
Және саны 20 тыйын

Жоғарғы Бас қолбасшының БҰЙРЫҒЫ

2-Белорус майданы әскерлерінің қолбасшысы
Советтер Одағының Маршалы РОКОССОВСКИЙГЕ
Майдан штабының бастығы
Генерал-полковник БОГОЛЮБОВҚА

2-БЕЛОРУС майданының әскерлері шабуыл жасай отырып, бүгін, 3 мартта, қатынас жолдарының маңызды тораптары және немістердің Помераниядағы күшті тіренті бекіністері—РУММЕЛЬСБУРГ және ПОЛЛНОВ қалаларын ұрыспен алды.

РУММЕЛЬСБУРГ және ПОЛЛНОВ қалаларын алу ұрыстарында генерал-полковник ТРУБНИКОВТЫҢ, генерал-полковник ПОПОВТЫҢ, генерал-лейтенант ЛЯПИННИҢ, генерал-лейтенант ДРАТВИНИҢ, генерал-майор, СКОРОБОГАТКИНИҢ, генерал-майор ХУДАЛОВТЫҢ, полковник ГРЕБЕНКИНИҢ, полковник ХРОМЦОВТЫҢ, подполковник БАЦИЕНКОНЫҢ, полковник РОГОВТЫҢ, полковник МЕШКОВТЫҢ, генерал-майор ГУСЕВТИҢ, генерал-майор БЕЛОСКУРСКИЙДИҢ, полковник МУРАТОВТЫҢ әскерлері; артиллерия генерал-полковнигі СОКОЛЬСКИЙДИҢ, артиллерия генерал-майоры БЕЗРУКТИҢ, артиллерия генерал-майоры ЛИХАЧЕВТИҢ, полковник КУЛИЧУКТИҢ, полковник ВОЛКОВТЫҢ, полковник НЕСВЕТАЙЛОННЫҢ, полковник ГЕРАСИМЕНКОНЫҢ, полковник КИРГЕТОВТЫҢ, майор БОМБУЗЕНКОНЫҢ артиллерияшылары; танк әскерлерінің генерал-лейтенанты ЧЕРНЯВСКИЙДИҢ, танк әскерлерінің генерал-лейтенанты ПАНФИЛОВТЫҢ, полковник УРВАНОВТЫҢ, подполковник ЕГОРОВТЫҢ, подполковник КУЦТЫҢ, подполковник РЯЗАНЦЕВТЫҢ, подполковник ОРЕЛДЫҢ, подполковник НЕМКОВИЧТИҢ, полковник ХАРИТОНОВТЫҢ, майор ПОТАПОВТЫҢ, подполковник БАЛЫКОВТЫҢ танкиштері; авиация генерал-полковнигі ВЕРШИННИҢ, авиация генерал-майоры АЛЕНСЕВТИҢ, авиация генерал-лейтенанты БАЙДУНОВТЫҢ, авиация генерал-лейтенанты ОСИПЕНКОНЫҢ, полковник ГРИЩЕНКОНЫҢ, полковник ВИНОГРАДОВТЫҢ, полковник РЫБАКОВТЫҢ, полковник КАЛУГИНИҢ, полковник СМОЛОВИЧТИҢ, полковник ВУССТИҢ ұшқыштары; полковник КЛЕМЕНТЬЕВТИҢ, инженер-полковник ПОЛОВНЕВТИҢ саперлері; полковник СЫЧЕВТИҢ, майор ГРАДЕЦКИЙДИҢ, подполковник ЛЕБЕДЕВТИҢ байланысшылары көзге түсті.

Қол жеткен жеңістің хұрметіне, РУММЕЛЬСБУРГ және ПОЛЛНОВ қалаларын алу ұрыстарында өте-мөте көзге түскен құрамалар мен бөлімдер ордендермен наградтауға ұсынылсын.

Бүгін, 3 мартта, 21 сағатта Отанымыздың астанасы МОСКВА жүз жыйырма төрт зәңбіртен емені дүркін артиллерия оғын атып, аталған қалаларды алған 2-БЕЛОРУС майданының айбынды әскерлеріне Отанымыз атынан хұрмет көрсетеді.

РУММЕЛЬСБУРГ және ПОЛЛНОВ қалаларын алу ұрыстарына қатысқан Сіздердің басқаруларыңыздағы әскерлерге ұрыс қыймылдарын өте жақсы жүргізгені үшін АЛҒЫС ЖАРИЯЛАЙМЫН.

Отанымыздың бастандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда қаза тапқан батырлардың даңқы мәңгі өшпесін!

Неміс басқыншыларға өлім келсін!

Жоғарғы Бас қолбасшы
Советтер Одағының Маршалы И. СТАЛИН.

1945 жылғы 3 март. № 287.

408 центнер астық тасыды

Ленин ауданындағы «Бірлік» колхозының басқармасы түкпірдегі пункттерден темір жол бойына астық тасу жұмысын басқаруды колхозшы Сарманов жолдасқа тапсырған болатын. Сарманов жолдас тапсырманы мұлтіксіз орындау ісіне мемлекеттік тұрғыдан қаран, астық тасу жұмысын үлгілі ұйымдастырды. Керуеншілер Жоғарғы Бас қолбасшы Советтер Одағының Маршалы Сталин жолдастың

23 февральдағы бұйрығына іспен жауап беруге жұмылды.

Міне, осының нәтижесінде февраль айында, темір жол бойына 408 центнер астық тасылды. Сөйтіп, бригада айлық тапсырмаға қарағанда 58 центнер астықты артық тасыды.

Түкпірдегі пункттерден астық тасу жұмысы «Еңбек», «Моденнет» және «Каратал» колхоздарында да қызу жүргізіліп жатыр.

Е. БИМЕНДЕ.

Астық көптеп тасылуда

Соколов ауданындағы «Полиотдел» ауыл шаруашылық артелинің Анна Стрелкова жолдас басқарған комсомол-жастардан құралған керуеншілер бригадасының мүшелері түкпірдегі пункттерден астық тасу жұмысын майдандағына ұйымдастырып, кемелгер көсеміміздің тарихи бұйрығына іспен жауап беруде.

Керуеншілер астық тасуда тынбай жү-

мыс істеп жүр. Олар темір жол бойына январь айында 220 центнер, февраль айында 285 центнер астық жеткізіп, тапсырманы анағұрлым артық орындады.

—Еліміз бен майданды астықпен тыңғылықты жабдықтауға бар күшімізді жұмсаймыз. Жеңіс мүддесі бізден осыны талап етіп отыр,—дейді керуеншілер.

Е. ЧЕПУРНОВА.

Жоғарғы Бас қолбасшының Бұйрығы

1-Белорус майданы әскерлерінің қолбасшысы
Советтер Одағының Маршалы ЖУКОВҚА
Майдан штабының бастығы
Генерал-полковник МАЛИНИНГЕ

1-БЕЛОРУС майданының әскерлері ШТАРГАРД қаласының шығыс жағында немістердің қорғанатын күшті бекінісін бұзып, 4 күнгі шабуыл ұрыстары кезінде 100 километрдей алға басты, сөйтіп КОЛЬБЕРГ қаласы ауданында Балтың төңірінің жағалауына жетті. Шабуылдың барысында майдан әскерлері қатынас жолдарының маңызды тораптары және немістердің Помераниядағы қорғанатын күшті тіренті бекіністері—БЕРВАЛЬДЕ, ТЕМПЕЛЬБУРГ, ФАЛЬКЕНБУРГ, ДРАМБУРГ, ВАНГЕРИН, ЛАБЕС, ФРАЙЕНВАЛЬДЕ, ШИФЕЛЬБАЙН, РЕГЕНВАЛЬДЕ және КЕРЛИН қалаларын алды.

Немістердің қорғанатын шебін бұзып оту және аталған қалаларды алу ұрыстарында генерал-полковник БЕЛОВТЫҢ, генерал-лейтенант СИМОНЯКТИҢ, генерал-лейтенант ПЕРХОРОВИЧТИҢ, генерал-лейтенант ПОПЛАВСКИЙДИҢ басқаруындағы 1-поляк армиясының, генерал-лейтенант ПУЛКО-ДМИТРИЕВТИҢ, генерал-майор БУКШТЫНОВИЧТИҢ, генерал-лейтенант ЛУНЬЯНЧЕНКОНЫҢ, генерал-майор СТРАЖЕВСКИЙДИҢ, генерал-майор ПЕРЕВЕРТКИНИҢ, генерал-лейтенант КАЗАНКИНИҢ, генерал-майор ЧИСТОВТЫҢ, генерал-майор СИЯЗОВТЫҢ, генерал-майор ПОЗНЯКТИҢ, генерал-майор АНДРЕЕВТИҢ, генерал-майор КРАСИЛЬНИКОВТЫҢ, полковник ВОРОБЬЕВТИҢ, генерал-майор ШАТИЛОВТЫҢ, полковник НЕГОДАННЫҢ, генерал-майор СМЕРНОВТЫҢ, генерал-майор КОЗИННИҢ, полковник МАСЛОВТЫҢ, полковник СЕЛЮКОВТЫҢ, полковник МУЗЫКИНИҢ, полковник ГОРШЕНИНИҢ, полковник ПАВЛОВСКИЙДИҢ, генерал-майор ЧЕРНОВТЫҢ, полковник ГЕРВАСИЕВТИҢ, генерал-майор РОТКЕВИЧТИҢ, полковник ШЕЙПАКТИҢ, генерал-майор БЕВЗЮКТИҢ әскерлері; генерал-лейтенант КОНСТАНТИНОВТЫҢ, генерал-лейтенант КРЮКОВТЫҢ, генерал-майор КОБЛОВТЫҢ, генерал-майор БЕЛОВТЫҢ, генерал-майор КУРСАНОВТЫҢ, генерал-майор ЯГОДИНИҢ атты әскерлері; артиллерия генерал-полковнигі КАЗАНОВТЫҢ, артиллерия генерал-майоры МОРОЗОВТЫҢ, артиллерия генерал-майоры ЕГОРОВТЫҢ, артиллерия генерал-майоры МОДЗЕЛЕВСКИЙДИҢ, артиллерия генерал-лейтенанты ГОДИНИҢ, артиллерия генерал-лейтенанты ИГНАТОВТЫҢ, полковник ЗЕРНОВТЫҢ, полковник ФАНТАЛОВТЫҢ, артиллерия генерал-майоры РОЖАНОВИЧТИҢ, артиллерия генерал-майоры ЗРАЖЕВСКИЙДИҢ, артиллерия генерал-майоры СНЕГУРОВТЫҢ, полковник ШУБИННИҢ, полковник ЗАБЕЛЛОНЫҢ, подполковник КАРАИЧЕВТИҢ, артиллерия генерал-майоры КАМЕНСКИЙДИҢ, полковник ПОНОМАРЕНКОНЫҢ, полковник ЕФРЕМЕНКОНЫҢ, полковник ЗНАЧЕНКОНЫҢ, полковник ПИСАРЕВТИҢ, артиллерия генерал-майоры БОГДАШЕВСКИЙДИҢ, полковник ЖИГАРЕВТИҢ, полковник КОЛОКОЛОВТЫҢ, подполковник КОРПАЧЕВТИҢ, полковник НЕБОЖЕНКОНЫҢ, полковник ПУНКОВТЫҢ, полковник БАЙКОВТЫҢ, артиллерия генерал-майоры НЕСТЕРОВТЫҢ, полковник ЮРИНИҢ, полковник БЛОНСКИЙДИҢ, полковник ВКЕНТЬЕВТИҢ, полковник СКАКОВСКИЙДИҢ, артиллерия генерал-майоры КЕРПТЫҢ, подполковник ОСТРЕЙКОНЫҢ, подполковник ФРИЧТИҢ, подполковник ПУЗИКТИҢ, подполковник МУХАЧЕВТИҢ, полковник БОНДАРЕНКОНЫҢ, подполковник БАСИЩЕВТИҢ, подполковник ЕРЕСЬКОНЫҢ, полковник БОНДАРЕНКОНЫҢ артиллерияшылары; танк әскерлерінің генерал-лейтенанты ОРЕЛДЫҢ, танк әскерлерінің генерал-полковнигі КАТУКОВТЫҢ, танк әскерлерінің генерал-полковнигі БОГДАНОВТЫҢ, танк әскерлерінің генерал-лейтенанты ШАЛИНИҢ, генерал-лейтенант РАПЧЕВСКИЙДИҢ, полковник НИКОЛАЕВТЫҢ, танк әскерлерінің генерал-майоры КРЕТОВТЫҢ, генерал-майор ДРЕМОВТЫҢ, полковник БАБАДЖАНИНИҢ, танк әскерлерінің генерал-майоры ТЕЛЯКОВТЫҢ, танк әскерлерінің генерал-майоры БЕДЕНЕВТИҢ, танк әскерлерінің генерал-лейтенанты КИРИЧЕНКОНЫҢ, танк әскерлерінің генерал-лейтенанты КРИВОШЕННИҢ, полковник ТЕМНИКТИҢ, полковник ГУСАКОВСКИЙДИҢ, полковник КУЗНЕЦОВТЫҢ, полковник СЕКУВДАНЫҢ, полковник БОРАНЮКТИҢ, полковник ХОТИМСКИЙДИҢ, полковник ЕРШОВТЫҢ, майор ФАДЕЕВТИҢ, подполковник БАКЛАНОВТЫҢ, подполковник КОРОСТИЙДИҢ, подполковник БЕЛОБОРОДОВТЫҢ, полковник КОБРИНИҢ, полковник АРХИПОВТЫҢ, подполковник ШАРГОРОДСКИЙДИҢ, подполковник МЖАЧИКТИҢ, полковник ТАРАСОВТЫҢ, подполковник КУЗИНИҢ, подполковник ВИНГРАДОВТЫҢ, полковник МАЛЮТИНИҢ танкиштері; авиация генерал-полковнигі РУДЕНКОНЫҢ, авиация генерал-лейтенанты САВИЦКИЙДИҢ, авиация генерал-майоры ДЗУСОВТЫҢ, полковник НАКОНЕЧЯНОВТЫҢ, полковник БЕЛОУСОВТЫҢ, полковник КОВАЛЕВТИҢ, полковник МИРОНОВТЫҢ, полковник РОМЕЙКОНЫҢ ұшқыштары; инженерлік әскерлердің генерал-полковнигі КОМАРОВТЫҢ, полковник ХАРЧЕВИНИҢ, инженерлік әскерлердің генерал-майоры БОРДИЛОВСКИЙДИҢ, инженерлік әскерлердің генерал-майоры ИОФЕНИҢ, подполковник ВАНДЫШЕВТИҢ, подполковник МАКАРЕВСКИЙДИҢ, подполковник ВАНЯКИНИҢ, полковник ЛЮБАНСКИЙДИҢ саперлері; байланыс әскерлерінің генерал-лейтенанты МАКСИМЕНКОНЫҢ, байланыс әскерлерінің генерал-майоры АКИМОВТЫҢ, байланыс әскерлерінің генерал-майоры ЛИТВИНЕНКОНЫҢ, полковник СОЛОВЬЕВТИҢ, подполковник ЗАХАРОВТЫҢ, полковник СМОЛИДИҢ, полковник СУЧЕНТИҢ, подполковник МАСЛОВТЫҢ, подполковник ТУНИЧТИҢ байланысшылары көзге түсті.

Қол жеткен жеңістің хұрметіне, немістердің қорғанатын бекінісін бұзып оту және БЕРВАЛЬДЕ, ТЕМПЕЛЬБУРГ, ФАЛЬКЕНБУРГ, ДРАМБУРГ, ВАНГЕРИН, ЛАБЕС, ФРАЙЕНВАЛЬДЕ, ШИФЕЛЬБАЙН, РЕГЕНВАЛЬДЕ, КЕРЛИН қалаларын алу ұрыстарында өте-мөте көзге түскен құрамалар мен бөлімдер «ПОМЕРАНИЯ» атағын беруге және ордендермен наградтауға ұсынылсын.

Бүгін, 4 мартта, 22 сағатта Отанымыздың астанасы МОСКВА екі жүз жыйырма төрт зәңбіртен жыйырма дүркін артиллерия оғын атып, ШТАРГАРД қаласының шығыс жағында немістердің қорғанатын бекінісін бұзып, өткен және аталған қалаларды алған 1-БЕЛОРУС майданының айбынды әскерлеріне, оның ішінде генерал-лейтенант ПОПЛАВСКИЙДИҢ басқаруындағы 1-Поляк армиясына Отанымыз атынан хұрмет көрсетеді.

Немістердің қорғанатын бекінісін бұзып оту және Померания қалаларын алу ұрыстарына қатысқан Сіздердің басқаруларыңыздағы әскерлерге ұрыс қыймылдарын өте жақсы жүргізгені үшін АЛҒЫС ЖАРИЯЛАЙМЫН.

Отанымыздың бастандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда қаза тапқан батырлардың даңқы мәңгі өшпесін!

Неміс басқыншыларға өлім келсін!

Жоғарғы Бас қолбасшы
Советтер Одағының Маршалы И. СТАЛИН.

1945 жылғы 4 март. № 288.

Жоғарғы Бас қолбасшының БҮЙРҮҒЫ

2-Белорус майданы әскерлерінің қолбасшысы
Советтер Одағының Маршалы **ГОКОССОВСКИЙ**ГЕ
Майдан штабының бастығы
Генерал-полковник **БОГОЛЮБОВКА**

2-БЕЛОРУС майданының әскерлері шабуылды дамыта отырып, бүгін, 4 мартта, Балтық теңізінің жағалауына жетті, сөйтіп қатынас жолдарының маңызды торабы және ДАНЦИГТЕН, ШТЕТТИНГЕ қарай баратын жолдардағы немістердің қорғанатын қуатты тіректі бекінісі—КЕЗЛИН қаласын алды, сонымен дұшпанның Шығыс Помераниядағы әскерлерін оның Батыс Помераниядағы әскерлерінен бөліп тастады.

КЕЗЛИН қаласын алу ұрыстарында генерал-полковник ТРУБНИКОВТЫҢ, генерал-лейтенант РОМАНОВСКИЙДІҢ, генерал-лейтенант ЛЯПИННІҢ, генерал-майор СКОРОБОГАТКИННІҢ, генерал-майор КОРОТКОВТЫҢ, подполковник БОЦЕНКОНЫҢ, полковник ХРАМЦОВТЫҢ, полковник РОГОВТЫҢ, полковник МЕШКОВТЫҢ, әскерлері; танк әскерлерінің генерал-лейтенанты ЧЕРНЯВСКИЙДІҢ, танк әскерлерінің генерал-лейтенанты ПАНФИЛОВТЫҢ, подполковник ЕГОРОВТЫҢ, полковник УРВАНОВТЫҢ, подполковник КУЦЫҢ, подполковник РЯЗАНЦЕВТЫҢ, полковник ХАРИТОНОВТЫҢ, подполковник НЕМКОВИЧТИҢ, подполковник БАЛЫКОВТЫҢ, майор ПОТАПОВТЫҢ, танкшілері; артиллерия генерал-полковнигі СОКОЛЬСКИЙДІҢ, артиллерия генерал-лейтенанты ДЕГТЯРЕВТИҢ, артиллерия генерал-майоры КАРЕПИННІҢ, артиллерия генерал-майоры БЕЗРУКТИҢ, полковник БЕЛЯКОВТЫҢ, полковник КРЮЧКОВТЫҢ, подполковник ВОЙЦЕХОВСКИЙДІҢ, подполковник КОЗЛОВСКИЙДІҢ, подполковник ЮТЦЕВТИҢ, полковник КУЛИЧУКТИҢ, полковник САКИННІҢ, артиллерияшылары; авиация генерал-полковнигі ВЕРШИННИННІҢ, авиация генерал-майоры АЛЕКСЕЕВТИҢ, авиация генерал-лейтенанты БАЙДУКОВТЫҢ, авиация генерал-лейтенанты ОСИПЕНКОНЫҢ, полковник ГРИЩЕНКОНЫҢ, полковник РЫБАКОВТЫҢ, полковник ВИНОВАДОВТЫҢ, полковник КАЛУГИННІҢ, полковник ДОДОНОВТЫҢ, полковник СМОЛОВИЧТИҢ, полковник ВУССТЫҢ, подполковник БОРДЕЕВТИҢ, полковник ТЮРИННІҢ, подполковник КАЗАЧЕНКОНЫҢ, полковник ПОКЛАЕВИЧТИҢ, майор БЕРШАНСКОЙДЫҢ, подполковник ЕЛИСЕЕВТИҢ ұшқыштары; инженерлік әскерлердің генерал-лейтенанты БЛАГОВИЧТИҢ, полковник ВИНОВАДОВТЫҢ, полковник КЛИМЕНТЬЕВТИҢ, полковник ПОЛОВНЕВТИҢ саперлері; байланыс әскерлерінің генерал-майоры БОЗОВТЫҢ, подполковник ШАПОВАЛОВТЫҢ, подполковник МАКСИМОВТЫҢ, майор ГРАДЕЦКИЙДІҢ байланысшылары көзге түсті.

Қол жеткен жеңістің хұрметіне, КЕЗЛИН қаласын алу ұрыстарында өте-мөте көзге түскен құрамалар мен бөлімдер «ПОМЕРАНИЯ» атағын беруге және ордендер мен наградаларға ұсынылды.

Бүгін, 4 мартта, 23 сағатта Отанымыздың астанасы МОСКВА екі жүз жыйырма төрт зеңбіректен жыйырма дүркін артиллерия оғын атып, КЕЗЛИН қаласын алған 2-БЕЛОРУС майданының айындағы әскерлеріне Отанымыз атынан хұрмет көрсетеді. КЕЗЛИН қаласын алу ұрыстарына қатысқан Сіздердің басқаруларыңыздағы әскерлерге ұрыс қыймылдарың өте жақсы жүргізгені үшін АЛҒЫС ЖАРИЯЛАЙМЫН. Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда қаза тапқан батырлардың даңқы мәңгі өшпесін!

Неміс басқыншыларға өлім келсін!

Жоғарғы Бас қолбасшы
Советтер Одағының Маршалы **И. СТАЛИН**.

1945 жылғы 4 март.

№ 289.

Маңызды жұмысқа көңіл бөлмей отыр

ПРЕСНОВКА. (Өз тілшімізден) Түпкір-егі пункттерден темір жол бойына астық тасудың мемлекеттік маңызы зор екеніне қарамастан, Преснов ауданының көптеген колхоздары аудандық атком мен аудандық партия комитеті тарапындағы тапсырманы орындамай отыр. Бұл жұмыс әсіресе «Путь к социализму», «Красный партизан», «Ортакөл» колхоздарында өте баяу жүргізілуде. «Ортакөл» колхозы мүмкіншілігі

жеткілікті бола тұрса да, темір жол бойына бір ай ішінде не бары 9 центнер ғана астық жеткізді.

Сол сияқты «Ортакөл» колхозының басшылары да астық тасу жұмысына жауапсыз қарап отыр. Колхоз председателі Тобылбаев жолдастың колхоздағы мүмкіншілікті пайдаланбауы салдарынан февраль айында темір жол бойына 30 центнер ғана астық тасылды.

Кемшілікті қайталап отыр

Өткен жылы «Путь к социализму» колхозында (Преснов ауданы) мал құнары азықпен қамтамасыз етілмей, күтімі нашар болғандықтан мал шығыны көп болды. Қоғамдық малдың өнімділігі кемі. Колхоз басшылары өткен жылғы кемшіліктерден қортынды шығарып, айылың жылы мал қыстатуды ойдағыдай жолға қою керек еді.

Бірақ колхозда мал қыстату жұмысы айылы да ойдағыдай болмай отыр. Малын азықпен қамтамасыз етілмеуіне қарамастан, шөптің ысырап болуына жол ерілген. Бақылау жұмысы жүргізілмеген. Мал азығы мөлшермен жұмсалмай-ақ, осының салдарынан жыл басынан

бері 1750 центнер пішен мөлшерден артық жұмсалды.

Күтімнің нашарлығынан қазірдің өзінде 17 төл шығын болды. Мал шығынына кінәлі адамдарға колхоз басшылары ымырашылдық жасап отыр. Мәселен, мал күтімінің жайын байқаған аудандық комиссия жауапсыздық салдарынан шығын болған төрт малды кінәлі адамдардан өндіріп алуды тапсырған болатын. Алайда колхоз басшылары бұл мәселеге немқетті қарады. Қазір 400ге жуық қой қотыр болса да мал дәрігері Безуглий жолдас жайбарақат отыр.

Колхоз басшылары бұл сияқты кемшіліктерді дереу жоюға тиіс.

С. ШАЙМЕРДЕНОВ.

Мал азығын жұмсауға жауапсыз қарап отыр

Совет ауданындағы «Еңбек» колхозының (председателі Өлімбаев, оның орынбасары Вәзгенбаев жолдастар) басшылары мал қыстату маусымы басталар Елшіда «Кұнарлы мал азығын мол әзірлеу» бйында мал азығынан тапшылық көрініміз» деп даурыққан болатын.

Рас, колхозда күз күні мал азығы мол айналды. Енді сол азықты ұқыпты

қалай болса солай жұмсалып, көрінгенің қолында кетті. Сөйтіп, колхозда бір ай ішінде 200 центнердей пішен артық жұмсалды.

Колхозда мал күтімі ойдағыдай емес. Қазір қоғамдық малдардың барлығы дерлік арық. Мұнымен бірге ауру малдар мен сау малдар бірге тұрады. Күтімнің нашарлығынан соңғы 3—4 күнде екі

Совет Хабаршы бюросынан 6 МАРТТАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

2-БЕЛОРУС майданының әскерлері шабуыл жасай отырып, 3 мартта, қатынас жолдарының маңызды тораптары және немістердің Помераниядағы қорғанатын күшті тіректі бекіністері — РОММЕЛЬСБУРГ және ПОЛЛИНОВ қалаларын ұрыспен алды, сол сияқты 80ден аса басқа елді жерлерді, оның ішінде ГРОСС ПЕКЕРТАУ, ШТАРЗЕН, ГРОСС ШВИРЗЕН, КУРОВ, ДАРГЕН үлкен қыстақтарын алды.

Чехословакия жерінде ЛУЧЕНЕЦ қаласының солтүстік-батыс және батыс жағында әскерлеріміз ОЧОВА, КАЛИНКА, КНАЛЕВЦЕ, ПРЕЖЧОВ, БЕЛУИ, ПОЧУ БАДЛО, УГЛИСКА, БРЕГИ қыстақтарын ұрыспен алды.

Майданның басқа учаскелерінде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды және барлау жүргізілді.

2 мартта барлық майдандарда немістердің 39 танкі қыйратылды, жойылды.

4 МАРТТАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

4 мартта КЕНИГСБЕРГ қаласының оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз дұшпанның шығыс Пруссиядағы әскер тобын жою жөнінде ұрыстар жүргізді, бұл ұрыстардың барысында КОНРАДСВАЛЬДЕ, ВЕССЕЛЬСХЕФЕН, ШПЕРВИНЕН, ПЕЛЛЕН, ХАССЕЛЬПЕ, ХОЕНФЮРСТ, БЛЮМБЕРГ, КИШДОРФ, КЛОПХЕН қыстақтарын алды.

ГРУДЗЯНДЗ (ГРАУДЕНЦ) қаласының солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуыл ұрыстары нәтижесінде СКУРЦ қаласы мен ГРАБОМ, БОБАУ, ОДРИ, ЛЮБИЯ, БРУСС қыстақтарын алды.

2-БЕЛОРУС майданының әскерлері шабуылды дамыта отырып, 4 мартта Балтық теңізінің жағалауына жетті, сөйтіп қатынас жолдарының маңызды торабы және ДАНЦИГТЕН ШТЕТТИНГЕ баратын жолдардағы немістердің қорғанатын қуатты тіректі бекінісі—КЕЗЛИН қаласын алды, сонымен дұшпанның Шығыс Помераниядағы әскерлерін оның Батыс Помераниядағы әскерлерінен бөліп тастады, сол сияқты 50ден аса басқа елді жерлерді, оның ішінде РАЙНВАССЕР, ПРИТСИГ, ФЕЛЛИН, БУССИН, КРАМПС, ГРЮНЕВАЛЬДЕ үлкен қыстақтарын ұрыспен алды.

1-БЕЛОРУС майданының әскерлері ШТАРГАРД қаласының шығыс жағында немістердің қорғанатын күшті бекінісін бұзып өтіп, 4 күнгі шабуыл ұрыстары кезінде 100 километрдей алға басты, сөйтіп КОЛЬБЕРГ қаласы ауданында Балтық теңізінің жағалауына жетті.

Шабуылдың барысында майдан әскерлері қатынас жолдарының маңызды тораптары және немістердің Помераниядағы қорғанатын күшті тіректі бекіністері— БЕРВАЛЬДЕ, ТЕМПЕЛЬБУРГ, ФАЛЬКЕНБУРГ, ДРАМБУИГ, ВАНГЕРИН, ЛАБЕС, ФРАЙНВАЛЬДЕ, ШИФЕЛЬБАЙН, РЕГЕНВАЛЬДЕ, КЕРЛИН қалаларын алды, сол сияқты 600ден аса басқа елді жерлерді, оның ішінде ШЕНБАЛЬДЕ, ЛЕКОВ, ШТАРГАРД, ГРОСС-РАДДОВ, ДАБЕР, УХТЕНХАРЕН, ДАЛОВ, ВУЛЬКОВ, (ШТАРГАРД қаласының шығыс жағында 5 километр жерде), ШЕНЕБЕРГ, ШЕНЕДТ үлкен қыстақтарын ұрыспен алды. Мұнымен қатар, майдан әскерлері ШТАРГАРД қаласының оңтүстік және оңтүстік-батыс жағында ПИРИЦ қаласы мен темір жол торабын, 50ден аса басқа елді жерлерді, оның ішінде КРЮССОВ, ДАМНИЦ, ВЕРБЕН, ГИЗЕНТАЛЬ, БАББИН, ЛИБЕНОВО, КИШПЕРНИЗЕ, ИНДЕРКРЭНИГ, ПЕЕТЦИГ үлкен қыстақтарын ұрыспен алды.

Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді және бірсыпыра жерде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды.

3 мартта барлық майдандарда немістердің 90 танкі қыйратылды, жойылды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 49 самолёті атып түсірілді.

Шығыс Пруссияда, Кенигсбергтің оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз дұшпанның қоршаудағы әскер тобын жою жөнінде ұрыстар жүргізуде болды. Немістер ұзақ уақытқа арналып жасалған бекіністеріне сүйеніп, қатты қарсылық көрсетуде. Н. құрамасының бөлімдері дұшпанға шабуыл жасап, Кенигсберг-Эльбинг автомобиль жолы ауданында бірнеше қыстақтар мен бекіністі биіктерді алды. Дұшпаннан 20дан аса темір-бетондық атыс бекіністері қолға түсірілді. Совет жаяу әскерлері екінші бір учаскеде қолма-қол шайқасқа айналған қатты ұрыстардан кейін тіректі күшті бекініс және тас жолдардың торабы Пелленді алды. Дұшпан тек өлідей 2000-нан аса солдатты мен офицерінен айырылды. Немістердің 16 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегі өртелді, қыйратылды. Жаудан өздігінен жүретін 4 зеңбірек пен 28 дала зеңбірегі, 126 пулемет тағы басқа олжа қолға түсірілді. 2 күн ішінде немістердің 740 солдатты мен офицері қолға түсірілді. Қолға түсірілген солдаттар неміс солдаттарының қолға берілуінен сақтануға тырысып неміс командованиесінің бұйрық шығарғандығын мәлімдеді. Бұйрықта былай делінген: «Команда болмайынша орыстар жағына қарай үш қадам аяқ басқан әрбір солдатқа офицерлер оқ атуға тиіс».

2-Белорус майданының әскерлері ойдағыдай шабуыл жасауда болды. Шабуылдағы совет бөлімдерін тоқтатып, оларды Балтық теңізінің жағалауына қарай өткізбеу үшін дұшпан өдермендікпен әрекет жасады. Шөп бұзылған жер ауданына немістер ірі танк күштерін, оның ішінде СС «Полицай» моторлы дивизиясын және СС «Гольштейн» танк дивизиясын асығыс түрде алып келді. Дұшпанның танктері мен жаяу әскерлері әлденеше рет қарсы атақаға шықты, мұның барысында жау орасан көп шығынға ұшырады. Бүблиц қаласының батыс жағында дұшпанның екі полк жаяу әскерлері мен 30 танк әскерлеріміздің екі қана тынан соққы беруге әрекеттенді. Н. құрамасының танкшілері мен артиллерияшылары қысқа уақыттық ұрыста жаудың бұл тобын басқөртпей талқандады. Немістердің қыйратылған полктерінің қалдықтары қолға түсірілді. Майданның басқа учаскелерінде де кескілескен ұрыстар болды.

Әскерлеріміз дұшпанның дивизияларын бөлшектеп жойып, 35 километр алға басты, сөйтіп Балтық теңізінің жағалауына жетті. Мұнымен қатар, майдан әскерлері Кезлин қаласына қарай өтті. Жаяу әскерлеріміз қаланың оңтүстік жағындағы

сап, жаудың ірі гарнизонның кері шегіне тіп барлық жолын кесіп тастады. Гитлершілдер қаланы ұзақ уақыт қорғануға әзірлеген. Олар тас үйлерді атыс бекінісіне айналып, көшелерде бекет жасаған. Совет бөлімдері шығыстан, батыстан, оңтүстік пен солтүстіктен бірмезгілде шабуыл жасады. Гитлершілдер бір учаскеден екінші учаскеге қарай ұмтылды, алайда Қызыл Армия бөлімдерінің қуатты шабуылы бөгей алмады. Әскерлеріміз түстен кейін жаудың гарнизонын жойып, Кезлин қаласын толық алды. Қала іргесінің өзінде немістердің 2500 солдатты мен офицері, дұшпанның 27 танкі жойылды.

1-Белорус майданының әскерлері Штаргард қаласының шығыс жағындағы учаскеде шабуылға шықты. Немістер бұл ауданға ірі күштерін жыйнап, февральда бөлімдерімізді оңтүстікке қарай қуып тастау үшін әлденеше рет тырысты. Майдан әскерлері ұрыстардың барысында дұшпанды әлсіретіп, 1 март күні таңертең өздері шешуші шабуылға шықты. Совет жаяу әскерлері қуатты артиллерия және авиация әзірлігінен кейін дұшпанға шабуыл жасады, сөйтіп кескілескен ұрыста немістердің қорғанатын күшті бекіністі шөбін бұзды. Орманды және көлді алқапта қатты ұрыстар өрштеді. Қардың еруі, сондай-ақ соңғы уақытта жауған жаңбыр қара жолдарды бұзды. Көптеген булақтар мен жылғалар шабуылдағы әскерлерге әдейі келергі болды. Совет бөлімдері өзінің жолындағы түрлі бөгеттерге төтеп беріп, көлдердің аралығындағы бекіністерге бекініс дұшпан дұшпанды талқандады, сөйтіп солтүстікке қарай ұмтылды. Жүздеген құрамаларымыз жаулы тылына бұзып өтіп, немістердің жолына келе жатқан әскерлерін жойып, тозығып датты. Қатынас жолдарының маңызды тораптары Фрайнвальде, Вангерин, Лабес, Регенвальде, Шифельбайн, Керлин тағы басқа қалаларды алып, әскерлеріміз Кольберг қаласы ауданында Балтық теңізінің жағалауына жетті. Шабуылдың барысында дұшпанның 3 СС жаяу әскер дивизиясын мен тағы басқа дивизиялары ауыр жеңіліске ұшыратылды. Немістердің көптеген бөлімдері алғашқы ұрыстардың өзінде-ақ қыйратылды. Бұлардың қалдықтары қалай барарын біле алмай ормандарда тозығып жүр, оларды совет әскерлері қолға түсіруде. Әскерлерімізді аралықтағы шептерге бөгемейін болып неміс командованиесінің жасаған барлық әрекетін Қызыл Армия бөлімдері қауырт соққы беру арқылы іске қосып тастады. Помераниядағы неміс

Қазақ Советтік Социалистік Республикасы кәсіп орындарының, құрылыстары мен мекемелерінің барлық жұмысшылары мен жұмысшы әйелдеріне, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілеріне

ССРО ауыр машина өндірісі Халық Комиссариатының Алматыдағы ауыр машина құрылысы заводы коллективінің

ҮНДЕУІ

Қымбатты жолдастар!

Ұлы Отан соғысы өзінің ақырғы шешуші кезеңіне кірді. Кемелер көсеміміз және қолбасшымыз дауысқан Сталин баспаған азат етуші армия—жеңімпаз Қызыл Армия Советтер Одағының жерін неміс басқыншылардан толық тазартып, Ұлттаршыл қарақшыларды Шығыс Пруссияда, Силезияда, Померанияда, Бранденбургте талқандап жатыр. Қызыл Армия Берлинге таяу маңда тұр.

Бұл күндерде Қазақ Советтік Социалистік Республикасы өзінің 25 жылдығын мерекелеуге әзірленуде. Совет халқының фашист жауыздарға қарсы халықты күресінің барлық жылдары бойында қазақстандықтар өзінің күшін де, өмірін де аямай бұл қаһармандық ұрысқа қатысып келеді.

Қазіргі уақытта, соғыс аяқталуға жуық тағанда және Қырымда болған тарихи конференция Гитлер Германиясын тез және біржолата талқандау жоспарын жасағанда, фашист аяуады оның өз үңгірінде құртып, Берлин үстінде жеңіс туын тігу үшін шығыстан, батыстан, солтүстік пен оңтүстіктен неғұрлым қуатты жаңа соққы беру мерзімі толық келісіліп отырғанда.—Қызыл Армияның танктер, самолеттер, оқ-дәрі, қару-жарақ және соғыс техникасының тағы басқа құралдары жөнінде өскен халетін толық ету үшін жаңа күш-қайрат, жігер жұмсау тұл қызметкерлерінен талап етіледі.

Данқты күн республикамыздың 25 жылдығын лайықты қарсы алу үшін әзірлене отырып шабуылдағы Қызыл Армияға бұрынғыдан да зор көмек көрсетуді тілеп, ССРО ауыр машина өндірісі Халық Комиссариатының Алматыдағы ауыр машина құрылысы заводының коллективі өзіне мынадай міндеттемелер алады:

1. Республика мерекесі күніне дейін арнаулы тапсырма бойынша 9 айлық программаны кемінде 110 процент орындаймыз.

2. Қара металлургия Халық Комиссариаты мен түсті металлургия Халық Комиссариатының тапсырмасы бойынша программаны 105 процент орындаймыз.

3. Өзбекстанның металлургия заводының прокат стандартын жабдықтау үшін әбзелдер мен торантар жасау жұмысын 1945 жылғы I тоқсанда аяқтаймыз.

4. Қазақтың металлургия заводының прокат стандартын жабдықтау үшін әбзелдер мен торантар әзірлеу жұмысын 1945 жылғы II тоқсанда аяқтаймыз.

5. Республика астанасының қала шаруашылығы үшін ай сайын 5 тонна шойын қорытын береміз.

6. Республиканың ауыл шаруашылығы үшін қосалқы бөлшек өндіру жоспарын ай сайын 105 процент орындаймыз.

7. Мынадай жаңа машиналар шығару жұмысын меңгереміз:

а) Есеуші кланандардың лебедкаларын өндіруді 1945 жылғы I тоқсанда игереміз;

б) Домна және мартен пештері үшін зонтты лебедкаларды өндіру жұмысын 1945 жылғы II тоқсанда игереміз.

8. Мына учаскелерде Егор Агарковтың жұмыс әдісін қолданамыз:

а) Стандар мен колонкалы лебедкаларды өндіру;

б) Ұштықтыру лебедкаларын өндіру;

в) Әбзелдер цехында;

г) Шойын құю цехында.

Осының нәтижесінде 35 маман жұмысшыны, бригадирлер мен шеберлерді басқа жұмысқа босатамыз.

Өзімізге социалистік міндеттемелер ала отырып, біз жұмыстың жоғары қарқынмен жүргізіліп, қажірлі еңбек істелуін көздейміз. Сол сыяқты республика алдында, еліміз бен Қызыл Армия алдында берген сертімізді орындауға жәрдемдесіп, бірсыпыра ұйымдастыру-техникалық шараларын белгілейміз.

Біз мыналарға міндеттенеміз.

1. Еңбек өнімін 12 процент арттырамыз.

2. Өндірілген бұйымның түсер бағасын 15 процент кемітеміз.

3. Электр қуатын үнемдеу және цех арасында жұмсалатын шығынды азайту мақсатында мынадай жабдықтар салып орнатамыз:

а) Быйылғы жылдың I тоқсанында № 52 цехта муфельді пеш орнатамыз.

б) II тоқсанда әбзелдерді өңдеу үшін терминалық цехта 3 электр пешін орнатамыз.

4. Мына цехтарды пайдалануға береміз:

а) Көлемі 2272 текше метрлік шойын құю цехы;

б) Көлемі 2070 текше метрлік қара металлургия цехының екінші кезегі;

в) Завод ішіндегі темір жолды 300 метрге дейін ұзартамыз.

5. Мынадай құрылыстар саламыз:

а) Екі автомашиналық өрт сөндіру депосы;

б) 150 текше метр су сыятын өрт сөндіру қоймасы.

6. Өндіріс-техникалық оқуды кеңінен өрістетіп, осының есебінен жаңадан 180 маман жұмысшы әзірлейміз және 450 адамның мамандығын арттырамыз.

7. Завод еңбекшілерінің тұрмыс жағдайын жақсартуды қамтамасыз ету үшін:

а) Әрқайсысына 60 адам сыятын 2 жатақ үй, 200 орындық асхана, 15 шүмекті мойша, 75 бала үшін 1 бақша, 50 бала үшін 1 ясли саламыз.

Заводтың барлық жұмысшылары мен қызметшілерін социалистік жарысқа жаппай қатыстыру, озат жұмыс әдісін кеңінен қолдану, стаңокшы Екатерина Барышникованың, танк жасаушы Егор Агарков пен қару жасаушы Александр Федотовтың жұмыс әдісі бойынша өндіріс жұмысын шеберлікпен ұйымдастыру, комсомол-жастар бригадаларын мейлінше дамытып, бұларға күнбе-күн көмектесу арқылы алған міндеттемелеріміздің орындалуына жетеміз. Біз әрбір жұмысшының инженер-техник қызметкер мен қызметшінің қаблеттігін неғұрлым жете біліп, олардың жігерін арттырамыз, сойтіп оларды өндірістік тапсырмаларды артығымен орындауға жұмылдырамыз. Үздіксіз өндіріс әдісін қолдану, техникалық тәртіпті қатаң сақтау негізінде өндіріс жұмысындағы сапасыздыққа қарсы күнбе-күн күрес жүргізу арқылы жаб-

дықтаулардың толық пайдаланылуын қамтамасыз етеміз.

Біз жұмыстың барлық салаларына техникалық және шаруашылық жағынан басшылық жасау дәрежесін арттыруға, әрбір жұмысшының, инженер-техник қызметкер мен қызметшінің өзіне тапсырылған жұмысқа жауапкершілігін арттыруға уәде береміз.

Қымбатты жолдастар!

Бұл міндеттемелерді алумен қатар, өнеркәсібінде жаңа табыстарға жету және оны барған сайын өркендету үшін Сіздерді Қазақ Советтік Социалистік Республикасының 25 жылдығы атындағы социалистік жарысқа қосылуға шақырамыз. Әрбір заводтың, фабриканың кәсіп орынының жақсы сағат механизмінде жұмыс істеуі үшін, өндіріс программасының толық және артығымен орындалып, Гитлер Германиясын біржолата толық талқандау үшін Қызыл Армияға көмектесу ісіне және Советтер Одағының күш-қуатын бұрынғыдан да нығайту ісіне үздіксіз қатысуы үшін біздің әрқайсымыз не қажеттің бәрін істейтін болсақ.

Біздің азат және қуатты Отанымыз жасасын!

Батыр Қызыл Армия жасасын!

Фашист басқыншыларды жеңіп шығу жолындағы күресімізді ұйымдастырушы—біздің дауысқан көсеміміз және ұстазымыз кемеңгер Сталин жасасын!

Завод және құрлыс коллективінің тапсыруы бойынша үндеуге қол қойғандар: КОЧУРА—ауыр машина құрылысы заводының директоры, АБРАМОВ—завод партия комитетінің секретарі, БОЯРОВА—завод комсомол ұйымының секретарі, ТРУБНИН—завод комитетінің председатели, стахановшылар: АРИСТОВ—токарь, ЛЕБЕДИНСКИЙ—комсомол-жастар бригадасының бригадирі, СЕРДЮКОВ—токарь, БУТИЙ—токарь, ПАШЕНКО—токарь, БЕЛОУСОВ—наусалші, НЕСТЕРОВ—жұмысшы, БУТЫРИН—өрдөнді темір ұстасы, ЕРУВИНСКИЙ—комсомол-жастар бригадасының бригадирі, КРУГОВ—комсомол-жастар бригадасының бригадирі, КОЗЬМИНА—медальді токарь, КУЗЕМБАЕВ—медальді токарь, СКУБКОВА—шлифовшы, ТЕМЕНИНА—бригадир, КОЗЛОВ—фрезеровщик, ГУТОВА—электр қайнатушы, ЛУНАШЕВ—шебер, ТИХОНОВСКИЙ—шебер, ГРИЦЕВ—смена бастығы, ВОЛКОВ—смена бастығы, ЛЫСОВСОНЬ—цех бастығы, ФАЙНШТЕЙН—цех бастығы.

ЗУЕВ—№ 2 құрлыстың басқарушысы, ЛЕШИНСКИЙ—құрлыс партия ұйымының секретарі, ВОРОНЕНКО—№ 2 құрлыс комсомол ұйымының секретарі, АКИМОВ—құрлыс комитетінің председатели.

Құрлыс стахановшылары: АГАПОВ—балташы, АЗАРОВ—тас қазушы, ШЕМЛЯКОВ—бетоншы, ХАЙНИН—арматуршы, ЕРШОВ—штукатуршы.

ОЗАТ МАЛШЫЛАР ҚОСЫМША АҚЫ АЛДЫ

Октябрь ауданындағы «Өрнек» ауыл шаруашылық артелінің мал өсірушілері мал қыстату және төл алу жұмыстарын үлгілі ұйымдастырып, оны ойдағыдай өткізуде. Сауыншылар Т. Мәметбекова жолдас II

сыйырдан 11 бузау, Ж. Сәтбаева жолдас 10 сыйырдан 10 бузау алып, оларды аман өсірді. Олардың әрқайсысы еңбектеріне қосымша ақыға бір-бір түсак алды.

К. УӘЛИЕВ.

Мал қыстатуды үлгілі өткізейік!

Біздің колхоздың малшылары

Колхозымыздың мал өсірушілері 1944 жылы қоғамдық мал басын өсіру және оның өнімін арттыруда күрделі табыстарға не бөтті. Фермаларымызда ірі қара мал саны 216 басқа, қой-ешкі 468 басқа жетіп, мемлекеттік жоспарға қарағанда 13 қара мал және 23 қой-ешкі артық өсірілді.

Мал шаруашылық өнімінің еселеп артуы нәтижесінде, мемлекетке 18990 литр сүт, 39 центнер ет, 237 килограмм жүн тапсырылды. Мұнымен бірге, үстіміздегі жылдың есебіне 8 центнер ет өткізілді. Мемлекетке 250 килограмм жүн сатылды.

Фермаларымызда мал шаруашылығын барған сайын өркендету беруге жұмылған стахановшылар қатарына Балжан Естемірова, Е. Салықов сыяқты таңдаулылар қосылды. Естемірова жолдас 8 сауын сыйырдан 8800 литр орнына, 9394 литр сүт сауып, қосымша ақыға 60 литр сүт алды, Шонап Салықов жолдасдың еңбегіне қосымша ақыға 2 қой берілді. Салықов жолдас—шын мәнінде таңдаулы мал өсірушілердің бірі. Ол 1936 жылдан бері шонап болып істейді.

Қазір мал өсірушілер кемеңгер көсеміміз Сталин жолдасдың 23 февральдағы тарихи бұйрығымен жігерленіп, үстіміздегі жылы мал басын өсіру, оның өнімін арттыру, сойтіп батыр Қызыл Армияға мал шаруашылық өнімдерін барған сайын мол беру үшін күш жұмсауда. Олар мал қыстату маусымын ойдағыдай өткізуге білек сыбана кірісті, мал қораларының жылы болуын қамтамасыз етті. Қазір мал қоралары жанында 2000 центнер пішен және 2000 центнер сабап бар.

Фермаларда төл алу науқанының өткізілуі де айтарлықтай емес.

Мұнда 2 айда 101 саулықтан 110 қозы алынды. Қозы күтуші М. Мұқанова жолдас өзіне бекітіліп берілген 40 қозыны мәңгілен өсіруде.

Біздің мал өсірушілер мал шаруашылығындағы өткен жылғы табыстарды аяңды етуге, сойтіп үстіміздегі жылы ор табыстарға не бөлуге, батыр Қызыл Армияның жеңісті шабуылына іспен жауап беруге міндеттеніп отыр. Олардың міндеттемелерін аброймен орындайтындығына сенім зор.

А. ҚАНҒОЖИН,

Ленин ауданындағы «Қаратал» колхозының ферма меңгерушісі.

Керенау бригадир

Приешім ауданындағы «Қызыл жұлдыз» колхозының бригадирі Дөркеев жолдас мал қыстату жұмысына немқетті қарап келеді. Осының салдарынан қазір колхоздағы 12 жұмыс келігінің 6 көтерем, ал қалғандарының қоны айтарлықтай емес.

Дөркеев жолдас жұмыс малдарының ұқыпты күтілуіне назар аудармай, оны пайдалануда иесіздікке жол берді. Мұнда өгіздер екі күнде бір суарылады. Оларға азық жеткілікті мөлшерде берілмейді. Иесіздіктің салдарынан жуырда бір бие құлып тастады.

Міне Дөркеевтің осы сыяқты керенаулығына колхоз басшылары тәзіп келеді. Олар жұмыс малының жайын нашарлатудағы және биені құлып тастауындағы айыпты адамдарға ымырашылдық жасап, Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советімен ҚК(О)П Орталық Комитетінің жұмыс малдарын сақтау жөніндегі жуырдағы қаулысын көріне-көзге бұрмалап отыр. Бұл жолсыздыққа аудандық ұйымдар не-дер екен?

К. ТҰЛМЫРЗИН.

Ақмола облысындағы „Авангард“ МТС тракторшыларының, комбайншыларының, жұмысшыларының, мамандары мен қызметкерлерінің Қазақстанның машина-трактор станцияларының барлық тракторшыларына, жұмысшыларына, мамандары мен қызметкерлеріне

Ү Н Д Е У І

Қымбатты жолдастар!

Өзінің батысқа қарай тарихи жорығын аяқтағалы отырған біздің сүйікті Қызыл Армияның ұлы жеңістерінің қуанышты күндерін бүкіл совет халқымен бірге шаттықпен бастан көшіріп отырмыз. Қызыл Армия өз жерін фашист арамзалардан тазартып, батыстағы орасан зор ұрыстарда дақты жеңістерге жетуде, сойтіп қапшыр аюанды оның өз үңгірінде құртуда.

1945 жыл жауды біржолата жеңіп шығу үшін шешуші шайқас жылы болып тарихтан орын алады.

Қазақ республикасының өмір сүре бастағанына октябрьде 25 жыл толатын болғандықтан да бұл жыл қазақ халқы үшін ерекше дақты жыл болып саналады.

Біз, МТС тракторшылары, комбайншылары, жұмысшылары, мамандары мен қызметкерлері неміс-фашист армиясын талқандау ісін Қызыл Армияның аяқтап шығуына өзіміздің қажірлі және жанкыярлық еңбегімізбен көмектесіп, республикамыздың дақты мерекесін еңбектегі жаңа ерлік істерімізбен қарсы алуға тиіспіз.

Соғыс салдарынан болған қиыншылықтарға қарамастан, өзінің отан алдындағы, Қызыл Армия алдындағы борышын орындай отырып, біздің МТС-тың коллективі соғыс жылдарында жұмыста неғұрлым жақсы нәтижелерге жетті, сойтіп бұл оны өзіміз бен майданға астықпен жабдықтау ісі үшін жарысқа түсушілердің алдындағы санына көтті.

Өткен жылы біздің МТС заттай ақы төлеу жоспарын 229 процент орындады.

Біз есікке әзірленіп және дала жұмыстарының жоспарларын жүйе сайын мерзімнен бұрын орындап келеміз, бұл үшін ұдайымен өзіміздің қолымызбен Одақтарымыз Бүкіл Одақтық Орталық Советі мен ССР Одағы Жер Халық Комиссариатының туын, 100 мың сом мөлшерінде бірінші сыйлық алдық.

1944 жылы МТС трактормен істелетін жұмыс жоспарын 198 процент орындап, 15 аттың күші бар әрбір трактормен 611 гектар жер жұмыстан, бір комбайнмен 400 гектар егін жыйнады.

Дегенмен, бұл жетістіктермен біздің жұмысымызға шек қоята болмаймыз. Өйткені машиналарымыздың жұмыс өнімділігін неғұрлым молайтуға, егіс жоспарының мерзімін азайтуға, сапасын жақсартуға, сойтіп мұнымен қамтуымыздағы қолхоздарда егіннің шығымдылығын шұғыл арттыруға бізде мүмкіншіліктің бәрі де бар.

Отанымыз бен майдан алдындағы борышымызды жете ұғынып, республикамыздың, МТС, МТМ-лары мен жөндеуші за-

водтарының барлық тракторшыларына, комбайншыларына, трактор бригадаларының бригадирлеріне, механиктеріне жұмысшыларына, мамандары мен қызметкерлеріне сөзімізді арнап, 1945 жылы жұмыста жақсы көрсеткіштерге жету үшін Қазақ республикасының 25 жылдығы хұрметіне республикалық социалистік жарыс бастауға ұсыныс жасаймыз.

Социалистік жарысқа қосылып, мынадай міндеттемелер аламыз.

1. Тракторларды жөндеу жұмысын үкімет белгілеген мерзімнен 50 күн бұрын—1945 жылғы 1 мартқа дейін жоғары сапалы аяқтап, ауыл шаруашылық тіркеу саймандарын 10 мартқа дейін жөндеп боламыз.

2. Көктемде трактормен істелетін жұмыс жоспарын тағайындалған мерзімде, агротехникалық жоғары дәрежеде 15 процент артық орындаймыз, ал трактормен істелетін жұмыстың жылдық жоспарын 1945 жылғы 1 октябрьге дейін орындаймыз.

3. 15 аттың күші бар бір трактормен жұмсақ жерге айналырғанда кемінде 620 гектар жер жұмыстаймыз.

4. Егін жыйнау жұмысын неғұрлым қысқа мерзімде өткіземіз, комбайнмен егін жыйнау жоспарын 20 процент артық орындап, 15 футты бір комбайнмен кемінде 420 гектар егін жыйнаймыз.

5. Мемлекетке заттай ақы тапсыру жоспарын кемінде 20 процент артық орындаймыз.

6. Майдан мен ел хажеті үшін 1945 жылы жанармайдың кемінде 10 процентін үнемдейміз.

7. Жығылған жердің 1 гектарының түссер бағасын 5 процент кемітеміз.

8. Тракторлармен жұмыстаған жерге әйгіген егіннен қолхоздардың өнімді, жоспардағыдан 10 процент артық алуына жетеміз.

9. Дала жағдайында тракторлардың тағы басқа машиналардың күтіміне хажетті, бұралық трактор бригадалары үшін өзбелдер мен қосалқы бөлшектері егіс жұмыстары басталғанға дейін әзірлейміз, мұнай құятын барлық ыдысты оңдап, даярлаймыз, барлық трактор бригадаларын жеткілікті мөлшерде ызымен және тракторларды майлауға керекті тағы басқа аспаптармен қамтамасыз етеміз.

10. Егіс жұмысы басталғанға дейін автотомобильмен жүретін көпшілігі үш мастерской ұйымдастырамыз, сойтіп бұларды хажетті өзбелдермен және қосалқы бөлшектермен жабдықтаймыз.

Мамандарды жөндеу жұмысын аяқталды. Бұл жұмыста қолхоздың темір ұстасы Ш. Бейсекеев жолдас қажырлы жұмыс істеді.

Қазір Бейсекеев жолдас көршілес «Қарағал» қолхозына көмектесіп жүр.

Қысқы агротехникалық шараларды жүзеге асыру күресіне Ш. Сәдуақасов, С. Сәдуақасов, Ш. Кіркенов, тағы басқа таң-

даулы қолхозшылар белсене қатынасты. Осының нәтижесінде қолхозда 250 гектар егіс азынша қар тоқтатылды және 55 тонна қар тасылып, төгілді. Мұнымен бірге, 10 центнер құл және 3 центнер құс қымы жыйналды.

Қолхоздың шаруалар көктемгі дала жұмыстарына жұмыс малдарын да үлгілі әзірлеуде.

Б. ЕЛЕУСІЗОВ.

11. МТС қамтуындағы қолхоздардың ауыл шаруашылық жұмыстарын жүргізу егіс агротехникалық және жұмыс жоспарларының дер кезінде жасалуына, егіс үшін құнарлы жерді таңдап алуына, сол дақты атқа жеткізетін барлық құрал-саймандарды—соқаларды, тұқым сеппіктер мен культиваторлардың жөндеуіне көмектесеміз.

Барлық міндеттемелерді орындағанда жұмыстың сапалы болуына және жұмыстың барлық түрінің агротехникалық мерзімде мұлтіксіз жүргізілуіне ерекше назар аударамыз. Сайып келгенде, өз жұмысымыздың нәтижесін жұмсақ жерге айналырғанда трактормен істелетін жұмыс жоспарының орындалуымен ғақпаса, ең алдымен біздің МТС-тың қамтуындағы қолхоздардың егіннің шығымдылығы жоспарын орындауына қарай бағалаймыз.

Осындай міндеттемелер алумен қатар, біз республика МТС-ның барлық тракторшылары, комбайншылары, трактор бригадаларының бригадирлерін, жұмысшыларын, мамандары мен қызметшілерін өзімізбен үлгі алып, Қазақ республикасының 25 жылдығы хұрметіне социалистік жарысқа қосылуға шақырамыз.

Жолдастар, МТС тракторшылары, комбайншылары, бригадирлері, механиктері, жұмысшылары, мамандары мен қызметшілері! Есікке мұлтіксіз әзірленің, оны үлгілі өткізу үшін. 1945 жылы өзіміз бен мол өнім алу үшін социалистік жарысқа қосылыңыздар.

Барлық күшімізді майданға көмектесу мақсатына жұмысайық!

Біздің көсеміміз және ұстаымыз, Советтер Одағының Маршалы Сталин жолдас жасасын!

(Үндеу Ақмола облысының «Авангард» МТС тракторшыларының, жұмысшыларының, комбайншыларының, мамандары мен қызметшілерінің жыйылысында талқыланып, қабылданды).

Жыйылыстың тапсыруы бойынша үндеуге қол қойғандар: МТС директоры КОМАНДИН, МТС бастауыш партия ұйымының секретарі КРИКОВ, жұмысшылар комитетінің председатели КРАСНОУХОВ, аға агроном ДЮНОВ, аға механик РЫБАНОВ, учаскелік механик УРЮПИНСКИЙ, комбайншы: П. О. КОНОХОВ, КУЗНЕЦОВ, тракторшылар: ПИСАРЕНКО, СЕДОВ, ДРОНИН, трактор отрядының бригадирі УПАНОВ, мұнай жөндеуші механик СЕЛЮКОВ, МТМ меңгерушісі НЕТЕСОВ.

Батыс Европадағы соғыс қыймылдары

ЛОНДОН, 4 март. (ТАСС). Одақтастардың Батыс Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованиясы штабының хабарында былай делінген: одақтастар әскерлері Польша маңында, шамамен алғанда Кельн төңірегінде 6,5 километр жерде немістердің 4 қаласын алды. Одақтастар әскерлері Польша маңында жетті және Кельннің сол түстік батыс жағындағы екі қалада ұрыстар жүргізіп жатыр. Кельннің оңтүстік-батыс жағында одақтастар әскерлері 4 қаланы алды. Маас және Рейхс-өзендерінің аралығындағы алқапта одақтастар әскерлері Гохвальд орманының шығыс жағында неміс әскерлерінің қасарыса қарсылық көрсетуіне кез болды. Рейхс-өзенінің секторынан шабуыл жасаушы одақтастар әскерлерінің отрядтары мен Рейхс-вальдтан оңтүстікке қарай алға басушы одақтастардың әскер бөлімдері бір-бірімен тығыз байланыс тағайындады. Сайып келгенде, одақтастар әскерлері 3 мартта 24 қала мен қыстақты алды. 2 мартта одақтастар әскерлері жаудан 9599 адам қолға түсірді.

Одақтастар әскерлерінің мәліметінде, сол сияқты Эрфт көлі маңындағы ауданның немістерден тазартылғандығы да айтылған. Прионың оңтүстік жағында одақтастардың танк бөлімдері Нимс өзенінен өтті. Одақтастар әскерлері Битбургтің солтүстік-батыс жағында 16 километр жердегі Нимс өзені бойында ұрыстар жүргізу үшін қолайлы білікті өз қолдарында ұстап тұр. Одақтастардың танк отрядтары Төңір өзенінің солтүстік-шығыс жағында Килль және Мозель өзендерінің тоғысатын жеріндегі пунктке жетті.

Рорбах ауданында одақтастар әскерлері едәуір табысқа жетті. Бұдан әм оңтүстікке қарай одақтастар әскерлері Бундигеннен солтүстікке қарай және Германиядағы Саар өзенінің шығыс жақ жағалауы бойымен едәуір алға басты.

ЛОНДОН, 4 март. Одақтастардың Орта теңіз соғыс майданындағы әскерлері штабының хабарында былай делінген: Италияда Адриатик секторында 8-армияның бөлімдері бірнеше бекіністі пункттерді алып, жаудың бөлімдерін қолға түсірді. 5-армияның бөлімдері Делла Торрача бөлігінің солтүстік жағында өз шаңкерін жақсартты. Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді.

Ағылшын авиациясының Берлинге шабуылы

ЛОНДОН, 4 март. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша, 3 мартта көп кішікте ағылшын «Москито» бомбашылары Берлинге шабуыл жасаған. Сонымен Берлин ұдайымен 12 түн бойына бомбаланып келеді.

Тынық мұхиттағы соғыс

ВАШИНГТОН, 4 март. (ТАСС). Американың аса қуатты «Ушушы қамал» бомбашыларының ерекше ірі күштерінің Маршал аралдарынан ұшып шығып, 4 мартта Токионың соғыс объектілеріне күндіз шабуыл жасағандығын АҚШ-тың соғыс министрлігі хабар етті.

ТОКИО, 4 март. (ТАСС). 4 мартта 150-дей «Б-29» бомбашыларының Токио ауданын және оның төңіректерін бомбалығандығын Жапония саясаты хабар етті. Бомбалық нәтижесінде көп жерде өрттер шық-

Жауапты редактор
В. ОСПАНОВ.

О И Д А Ы Д А Й Ә З І Р Л Е Н Д І

ЯВЛЕНКА. (83 тілшімізден) Образцовый машина-трактор станциясының қамтуындағы «Қарабұлақ» қолхозының қолхозшылары (председателі Нұрғалиев жолдас) көмектер көсеміміз Сталин жолдасының тарихи бұйрығына іспен жауап беріп отырып, есікке әзірлік жұмыстарын ойдағыдай өрістетуде. Мұнда жөндеуге тиісті барлық машиналар мен құрал-сай-

маңдарды жөндеу жұмысы аяқталды. Бұл жұмыста қолхоздың темір ұстасы Ш. Бейсекеев жолдас қажырлы жұмыс істеді.

Қазір Бейсекеев жолдас көршілес «Қарағал» қолхозына көмектесіп жүр.

Қысқы агротехникалық шараларды жүзеге асыру күресіне Ш. Сәдуақасов, С. Сәдуақасов, Ш. Кіркенов, тағы басқа таң-

даулы қолхозшылар белсене қатынасты. Осының нәтижесінде қолхозда 250 гектар егіс азынша қар тоқтатылды және 55 тонна қар тасылып, төгілді. Мұнымен бірге, 10 центнер құл және 3 центнер құс қымы жыйналды.

Қолхоздың шаруалар көктемгі дала жұмыстарына жұмыс малдарын да үлгілі әзірлеуде.

Б. ЕЛЕУСІЗОВ.

ТЕК СЕРІС НЕНІ КӨРСЕТТІ

Октябрь ауданындағы «Жаңа талап» қолхозының басшылары (председателі Байболов жолдас) көктемгі есікке дайындық жұмыстарын тығыздықты ұйымдастырмай, арқаны кеңге салып келеді. Мі-

не осының салдарынан қолхозда ауыл шаруашылық машиналары мен құрал-саймандарын жөндеу жұмысының барысы майдан талабына сай болмай отыр.

Сол сияқты құйылған тұқым тазаланып,

еістік санаға жеткізілмеген. Көктемгі егіс кезінде көпшілік тамақтандыруға 30 центнер ұн әзірлеу керек еді. Қазір мұны ешкім ойламаған.

Ж. МҰРАТОВ.